



2025 жылдың 01 қазанға


Қазақстан Республикасының  
банк секторындағы Жұмыс  
істемейтін несиелер жағдайына шолу.



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ  
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.

**2025 жылдың 1 қазанға** елдің 23 екінші деңгейлі банктерінің несиелік портфель көлемі **41 614,9 млрд теңгені** (жиынтық активтердің 62%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несиелік (NPL) көлемі **1 466,6 млрд теңге**, немесе жалпы несиелік портфельінің **3,5%** құрады (2025 жылғы 1 қыркүйекке – 40 898,3 млрд теңге немесе 61%).

### ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несиелік деңгейінің динамикасы




Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда** – 1 078,8 млрд теңге немесе 74% (01.09.2025 ж. – 1 071.1 млрд теңге) келеді.


**Қаржылық емес заңды тұлғаларға** – 387,5 млрд теңге немесе 26% (01.09.2025 ж. – 363,6 млрд теңге).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **қаржылық заңды тұлғаларға**, банкаралық қарыздар және «Кері РЕПО» операцияларын қоспағанда – 0,3 млрд теңге (01.09.2025 ж. – 0,3 млрд теңге) келеді.

01.09.2025 ж.  
NPL құрылымы



01.10.2025 ж.  
NPL құрылымы



■ Қаржылық емес заңды тұлғаларға несиелер      ■ Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда несиелер

Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі «**KASPI BANK**» АҚ келеді – 389 млрд теңге немесе несие портфелінің 5,4%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:

– «**Қазақстан Халық Банкі**» АҚ – 360,6 млрд теңге (несие портфелінің 2,8%);

– «**Еуразиялық банк**» АҚ – 149 млрд теңге (несие портфелінің 8,4%);

– «**ForteBank**» АҚ – 97,7 млрд теңге (несие портфелінің 3,3%);

– **Bereke Bank АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ)** – 95,1 млрд теңге (несие портфелінің 6,6%).


### Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несие портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келеді **«Банк ВТБ» ЕБ АҚ – 9,8%**.

Әрі қарай несие портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: **«Еуразиялық банк» АҚ (8,4%)**; **«БиЭнКей» коммерциялық банкі» АҚ (7,9%)**; **«Alatau City Bank» АҚ (7,1%)** және **Bereke Bank АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) (6,6%)**.

### Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: [nationalbank.kz](http://nationalbank.kz)  
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ  
 Корпоративтік даму департаменті дайындады